

**С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

**КАФЕДРА: ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ**

***ТАҚЫРЫБЫ: ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ ЭКОНОМИКАСЫ***

ОРЫНДАҒАН: МАНСУРОВА И.М

ҚАБЫЛДАҒАН: ҚЫЗАЕВА А.Д

ТОП: 13-002-01

ФАКУЛЬТЕТ: ҚДС

Жоспар:

1. Экономика туралы түсінік және оның анықтамасы.
2. Денсаулық сақтау экономикасы, оның негізгі мақсаты.
3. Денсаулық сақтау саласының экономикасының ғылыми тәжірбиелік маңызы, негізгі бағыттары.
4. Денсаулық сақтау саласының тиімділігінің түрлері.



Экономическая политика в НС?



Экономика деген сөз грек тілінен алынған «οικονομική» - бұл атауды сөзбе сөз аударғанда «үй шаруасын жүргізу өнері» деген түсінік береді, экономика ғылымының бірнеше анықтамалары бар, солардың бірі «экономика» - қоғам және жеке адам алдында тұратын шаруашылық, әлеуметтік және саяси мәселелердің шешуіне арналған әдістердің теориялық негізін қалайтын қоғамдық ғылым.

Экономика – тауарларды
өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну
мен қызметтерді ұйымдастыруға
байланысты адамдар іс-әрекетін
зерттейтін ғылым.

Денсаулық сақтау экономикасы салалық экономикалық ғылым, ол денсаулық сақтау жүйесінің қоғамдағы орны мен маңызын зерттейді, сондай-ақ оның қоғамдық өндіріске әсерін және денсаулық сақтау қорларын тиімді пайдалану мәселелерін анықтайды.




Адам денсаулығы жеке бастың меншіктігі
бола тұра әлеуметтік
құндылық ретінде де қаралады.

БҰНЫҢ СЕБЕБІ НЕДЕ?

Себебі, денсаулық сақтау халықтың өсіп-өнуіне, еңбек қорларын жаңартуға, өндірістік күштің өсуіне, ұлттық табыстың көбеюіне әсер етеді.

Қандай-да қоғамдық-экономикалық құрылым өндірістік күштің тұрақты түрде өсуіне, көбеюіне саяси әлеуметтік шаралар қолданады.

Денсаулық сақтау саласының экономикасы зерттейтін мәселелер



Салалық экономика



Денсаулық сақтау саласының экономикасы денсаулық сақтау жүйесінің халық шаруашылығының дамуына қосқан толық үлесін зерттейді

Нақты саланың экономикасы



Халық денсаулығын қорғауды жақсартуға бағытталған барлық қорларды тиімді пайдалануды зерттейді

Денсаулық сақтау саласының экономикасының негізгі бағыттары:

денсаулық сақтау экономикасының саладан тыс тиімділігін дәлелдеу (медициналық көмек көрсетуге шыққан шығынның халық шаруашылығын нығайтудағы тиімділігі);

денсаулық сақтау саласының қорларын пайдаланудың салалық тиімділігін талдау;

денсаулық сақтау саласында еңбектенудің нормативтілігінің теориялық және тәжірбиелік мәселелері;

халықтың емдеу-сауықтыру қызмет көрсетудегі қажеттілігін қанағаттандырудың мүмкіншілігін экономикалық жағынан дәлелдеу;

Денсаулық сақтау саласының экономикасының негізгі бағыттары:

денсаулық сақтау саласын басқаруды жетілдірудің шаруашылық ізденістері;

денсаулық сақтау саласының басшыларының құқықтарын кеңейтумен байланысты салалық қаржыландыру мәселелерін жетілдіру;

денсаулық сақтау саласында экономикалық тәжірбие ретінде тың жаңалықтарды енгізу.

Экономиканың бес түрлі негізгі мәселелері

```
graph TD; A[Экономиканың бес түрлі негізгі мәселелері] --> B[Не өндіру керек және қандай мөлшерде?]; A --> C[Қалай өндіру керек, қандай технология пайдаланады? Кім өндіру керек?]; A --> D[Кім үшін өндіру керек]; A --> E[Өндірілген тауарлар мен қызметтер қалай пайдаланылады?]; A --> F[Өндірілген тауарлар мен қызметтер тепе-теңдігіне қалай жету керек?];
```

Не өндіру керек және қандай мөлшерде?

Қалай өндіру керек, қандай технология пайдаланады? Кім өндіру керек?

Кім үшін өндіру керек

Өндірілген тауарлар мен қызметтер қалай пайдаланылады?

Өндірілген тауарлар мен қызметтер тепе-теңдігіне қалай жету керек?

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Денсаулық сақтау
экономикасының зерттейтін
мәселелері

Денсаулық сақтауда тегін және
ақылы медициналық қызметтің бір-
бірімен сәйкестігінің тиімді
жолдарын табу

Медициналық қызметтің төлем
ақы жүйесін жетілдіру

Денсаулық сақтауда жоспарлық
және нарықтық қарым-қатынастың
бірдей қолдану жолдарын табу

Денсаулық сақтаудың
медициналық, әлеуметтік,
экономикалық тиімділігін бағалау
әдістемелігі

Денсаулық сақтауда қаржылық-
шаруашылық қадағалаудың
жолдарын жасау


Денсаулық сақтауда экономикалық қатыстар деңгейлері

Микроэкономикалық (ұйым,
мекеме) деңгей

Ортаэкономикалық (аймақтық)
деңгей

Макроэкономикалық (республикалық)
деңгей

Метаэкономикалық (әлемдік) деңгей



Медициналық көмектің көрсеткіштері



Денсаулық
сақтау
саласыны
ң
тиімділігі

Медициналы
қ
тиімділік

Әлеуметтік
тиімділік

Экономикалы
қ
тиімділік

Медициналық тиімділікті сипаттайтын көрсеткіштер:

аурушылдық деңгейі, оның өзгеруі;

аурудың саны;

дені сау адамдардың саны.

Экономикалық тиімділікті сипаттайтын көрсеткіштер:

жұмыс жасындағы азаматтардың өмірінің сақталған саны;

кейбір ауруларды азайту немесе жою;

мүгедектікті, өлім көрсеткішін, уақытша еңбекке жарамсыздардың санын азайту.

Әлеуметтік тиімділікті сипаттайтын көрсеткіштер:

адам өмірінің ұзақтығының өсуі;

ауру санының азаюы;

өлімнен сақталғандардың саны.

Экономикалық тиімділік жоғары болу үшін ауру-сырқауды азайту, мүгедектік пен шетінеуді төмендету және шыққан шығын мөлшерін азайту керек.

Денсаулық сақтау саласында тиімді және сапалы жұмыс істеу үшін медициналық қызметті экономикалық талдай білу және ең маңызды көрсеткіштерді анықтай білу қажет.

Олар:

- а) медициналық көмектің жалпы төлемі;
- б) ауру-сырқаулыққа байланысты жалпы экономикалық зияндылық;
- в) экономикалық зияндылықты болдырмау;
- г) медициналық көмектің экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері.

Экономикалық әсерді есептеу әдістері:

- уақытынан бұрын өлім жағдайының болуы және соған байланысты ұлттық өнімді шығарудың азаюы;
- еңбек жасындағылардың өмірін сақтап қалғандардың санын білу;
- мүгедектік және оның өзгеруі;
- денсаулық сақтау саласында жүргізілген шаралар арқылы қосымша өнім шығару;
- кейбір ауруларды жоюдың және азайтудың құны;
- Денсаулық сақтау саласындағы қорларды және құрал-жабдықтарды дер кезінде пайдалану.

Көңіл бөліп
тыңдағандарыңызға рахмет!

